



Оң және теріс сандар

«+» таңбасымен жазылған сандар оң сандар деп аталады. Мысалы, + 4973, + 2 – оң сандар.

«-» таңбасымен жазылған сандар теріс сандар деп аталады. Мысалы,

-2210, -3 – теріс сандар.

0 (нөл) саны оң санға да, теріс санға да жатпайды.

Егер берілген өрнекте оң сан бірінші орында немесе жеке жазылса, оның алдына «+» таңбасы қойылмайды.

Мысалы,

$$+3a - 7,5 = 3a - 7,5$$

+4,5; +0,7 орнына 4,5; 7 деп жазылады.

Егер өрнектерде теріс санның алдында қосу, көбейту, бөлу, азайту амалдары болса, онда теріс сан жақшаға алынып жазылады.

Мысалы, $9 + (-7)$, $8 : (-2)$, $6 \cdot (-3)$, $7 - (-6)$, т.с.с.

Координаталық түзу дегеніміз санақ басы болатын О нүктесі және бірлік кесінділерге бөлінген, оң бағыты көрсетілген түзу.

Координаталық түзуде 0 (нөл) саны санақ басы О нүктесіне сәйкес келеді.

Координаталық түзуде санақ басынан оңға қарай оң бағыт деп атайды, онда бірлік кесінділер қатар-қатар салынады, бірінші кесінді ұшы 1, екінші кесінді ұшы 2, т.с.с.

Координаталық түзуде оң бағытқа қарама-қарсы бағытты теріс бағыт деп атайды. Онда теріс сандар кескінделеді.